



ПРИОЗЕРСК ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ



Алтын айдынды Балқаш көлінің жағасындағы қоржын түбекте орналасқан Приозерск қаласының бастапқы тарихи атауы да айнала қоршаған судың ортасында жайғасуына байланысты қойылған Қоржынтүбек еді. Қаланың кеңестер одағының қорғаныс саласына қызмет ететін стратегиялық маңызы зор болған. Осыдан жиырма шақты жыл бұрын Сарышаған кентінде тұратын жасы сексеннен асқан ақсақалмен қалалық ауруханада бірге жаттым. Емделушілердің емшара уақытынан тыс кездегі ермектері көбіне шахмат, дойбы немесе карта ойнау екені белгілі. Біз ақсақал екеуміздің ермегіміз әңгіме-дүкен болатын. Сондай сұқбаттардың бірінде қазіргі Приозерск қаласының ашылуы туралы сұрастырдым. Ақсақал біраз үнсіз отырып барып, сөз бастады:

—Ол соғыстан кейінгі елдің еңсесін енді көтере бастаған кезі болатын. Соғыстың ауыр зардабын енді ұмыта бастаған жұрт өдерінің қалыпты тіршілігіне көшкен. Бұл жер ол кезде Қоржынтүбек аталатын ауыл еді. Ұмытпасам, 1956-жылдың жазында ауылмызда әскери киімді адамдар аяқ астынан қаптап кетті. Олардың не істеп, не қойып, не ойлап жүргенін ешкім білген жоқ. Ауыздарына мақта тығып алғандай, тіс жарып ештеңе айтпай, жерді өлшеп, әр жерге қада қағып кетті. Көп ұзамай ауылды түгел көшіруге бұйрық болып, адам баласымен ақылдаспай, жөн сұрамай-ақ құт мекенімізден көшіріп тастады. Міне, сөйтіп қазіргі Приозерск қаласы Қоржынтүбек аталатын біздің ауылдың орнынан бой көтерген болатын. Бұл мекен баяғы ақтабан шұбырынды, алқағөл сұлама заманынан



бергі кезеңде қазаққа құтты қоныс болып, небір ашаршылық замандарда елді аштықтан аман алып қалған ырысы мол, берекесі бекем жер еді. Мұндағы жұрт балық аулаумен қатар мал да ұстап, ауыл-үйдің адамдары шаруасын дөңгелетіп, ешқашан таршылық көрмеген. Сол жаңа қала салынағанда қаншама ата-бабаларымыздың маза-

ры мен қорымы қазіргі қаланың табанында көміліп қала берді. Ашынған, жаны шырқырап, сүйегі сырқыраған жұрттың мұң-зарына құлақ асқан жан баласы болмады. Ол кезде кеңес үкіметінің қандай жоспары барынан қарапайым халық бейхабар болды. Сөйтіп, бұрынғы Қоржын-түбек ауылының орнынан жаңа қалашық бой көтерді және ол сырт көзден жасырын, жабық ұсталды. Мұнда не жасалып жатқанын қарапайым халық ешқашан білген емес. Бұл кешегі тәуелсіздік алғанға дейін осылай жалғасын тапқан болатын. Бұның шетжағасына өздерің де куә болдыңдар...

Ақсақал айтқандай, расымен де кеңестік дәуірде ұлан-ғайыр елімізді сырт дұшпаннан қорғау мақсатында деген желеумен талай сынақ алаңдары мен жасырын әскери бекіністер салынған. Бұл жерлерде бүгінгі таңға дейін ақиқаты толыққанды ашылмаған небір сынақтар



жүргізілгенін тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шым-шымдап біле бастадық емес пе? Аталмыш сынақ алаңдарының кейбіреуі ғана елдің қорғаныс саласына шынайы қызмет етсе, бір бөлігі адам баласын қырғынға әкеп соқтыратын атом бомбаларын сынақтан өткізуге бағышталғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұл қасіретке толы жәйттер жайында енді ғана айтыла бастады, алдағы уақытта әлі зерттеліп, ашық-айдын жазылатын және ұрпақтарымыз білетін болады. Елбасы мен Үкімет тарапынан бұл мәселеге қатысты едәуір маңызды шаралар қолға алынып, жүзеге асырыла бастағаны бүгінде көңілге қуаныш ұялатады. Соңғы жылдары аталмыш сынақ алаңдарын еліміздің игілігі мен қорғаныс қабілетіне лайықтап пайдалануда бірқатар тәжірибе жинақталды. Елдің қорғаныс қабілетін арттыруға пайдалануға лайық сынақ алаңдарының бірі – Сарышаған сынақ алаңы болып отыр.

Кеңес Одағы толықтай ыдыраған соң, 1992-жылдан бастап сынақ алаңының әскери қызметкерлері Ресей Үкіметі тарапынан барынша қысқартуға ілікті де, Приозерск қаласы дерлік бос қалды. Иесіз

қалған қалашықтың жағдайы жыл санап емес, күн санап нашарлап бара жатты. Қаланы аман сақтап қалудың басты жолы – қаланы бейбіт өмірге ыңғайлап, қайта



жасақтау болатын. Ол үшін қалаға сырттан тұрғындарды тарту қажеттігі туындады. 1992-жылғы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан соң, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың дүниежүзі қазақтарына арнаған Үндеуі жарияланып, шетте жүрген қандастарымыздың тарихи Отандарына қарай алғашқы көші жолға шықты. Сол жылдан басталған ұлы көш үздіксіз елге ағылып жатты. Осы орайлы сәттен пайдалануды қолай көрген сол кездегі қала әкімі Сағымбай Мұқатайұлы Медеубаев Өзбекстанның Науаи, Бухара облыстарынан қандастарымызды көлікпен көшіріп алуды қолға алған еді. 1995-жылдың басынан басталған бұл игілікті шара көп өтпей өз нәтижесін берді де. Со-нымен бірге еліміздің өзге аймақтарындағы жұмыссыздық пен жетіспеушіліктен қиындыққа тап болған аудандар мен ауылдардан да халықтың қалаға көшіп келу үрдісі жалғасып жатты. Оралмандарға әкімдік тарапынан барынша қолдау мен көмек көрсетіліп, олардың жаңа орынға орналасуына, икемделуіне жағдай жасалды. Аз уақыттың ішінде қала жаңа тұрғындармен толығып, қаусаған қаланы қайта қалпына келтіру жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Көптеген қиындықтармен беттесуге тура келсе де, қаланың жаңа тұрғындары қаланың шыр-райын қайта кіргізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасап бақты. Келер жылында қаланың 40 жылдық мерейтойы лайықты аталып өтті. Одан бергі қала өмірі баршамаңыздың көзалдымызда өтіп жатыр. Қаланың құрып кетпей, жаңа тіршілікке бет алуы жолындағы С.М.Медеубаевтың еңбегін ерекше айта кеткенді жөн санаймыз. Ол кісінің есімі қаланың болашақ тарихында ұмытылмастай болып жазылып қаларына сенімдімін. Тосаттан соққан замана дауылына төтеп бере алмай, үйлері қиратылып, нысандары бұзылып, қирауға айналған қаланың қайта түлеуіне сырттан көшіп келген қандастардың, еліміздің әртүрлі аймақтарынан қоныс аударған халықтың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымшылдықпен еткен еңбегінің арқа-



Соның арқасында қаланың дамуына қомақты қаржы бөлініп, мекеніміз бүгінде қайта туғандай жасарып, жаңғырып келеді. Сонау қиын кезеңде дүние есігін ашқан балалар бүгінде зінгіттей азамат болып, алды оқу бітіріп, қаланың өмір-тіршілігіне, оның дамуына үлестерін қосуға араласып та кетті. Болып жатқан елеулі өзгерістер тек жақсы жағынан көрінуде. Қаншама нысандар мен тұрғын үйлер күрделі жөндеуден өтті және жаңадан бой көтергендері қаншама? Жуықтап қалған қаланың 65 жылдық мерейтойына дайындық жұмыстары қалада ішінара жүргізілуде. Аталмыш мерейлі күнге барша қала тұрғындары қал-қаде-рінше өздерінің үлестерін қосады деп сенеміз және біз де алдағы уақытта да мерейтой тақырыбына қайта оралалып соғатын боламыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР ЖО мүшесі,
ақын.

Қ О Р Ж Ы Н Т Ү Б Е Г І М



Қоржынтүбек – Балқаштың жағасында,

Сары бел – Сарыарқа даласында. Ағыбай батыр бір кез ат шалдырған, Сапыртып сары қымыз сабасында.

Осында бұрын шағын ауыл болған, Тірлігін жасау үшін қауым қонған. Неқилы зұлматтарды бастан кешіп, Өтіпті қиын күннен, ауыр жолдан.

Елу бес жыл бұрында қала салған, Тағдыры бұл далаға қарап оннан. Кеңестің дәуірінде болса-дағы, Бастаған жаңа өмір – жаңа жолдан.

Қайтемін өткен күнді есіме алып, Бәріне куә тұрған осы халық. Жиырма жыл егеменге толғанында, Тербелді тоқтап қалған бесік анық.

Ел едік еленбеген, ұмыт болған, Қаланың тіршілігі тұрып қалған. Елбасы өзі бізге назар салып,

Тамыры аяқасты жүріп барған.

Шаһардың іші бүгін түрленуде, Ынтығып сырттағылар бір көруге. Жарық таң атып бізде келе жатыр, Жайменен аяқ бастық гүлденуге.

Балқашым тола түсіп арнасына, Кіріссін ел момақан шаруасына. Жұртының жағдайын еш ұмытпаған, Халқының алғысы мол Елбасыға.

Иншалла, өсіп-өніп, көгереміз, Қозады қуаныштан делебеміз. Орындап бабалардың аманатын, Өседі немереміз, шөбереміз.

Бірлікті көрсетелік, ел екенбіз, Кіреді сонда ғана берекеміз. Қаланың 65 жыл мерейтойы, Лайым, құтты болғай мерекеміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Халық саулығы – қозғам байлығы!

2019-жылы әлемде етек алған КОВИД-19 жұқпалы дерті біздің елімізді де айналып өткен жоқ. 2020-жылғы наурыз айынан бастап еліміздің аумағына енген белгісіз дерттен былтыр талай адам зардап шегіп, қаншама жықын туыстарымыздан жақсы мен жайсаң жандарымыздан айрылып қалдық. Жас-кәріге қарамай, дерттің ауыр түріне шалдыққандар өлімі тым артып кеткенінен бәріміздің хабарымыз бар. Бұл дерттен құтылу үшін бүкіл әлем сақтық шараларына көшіп, күрестің алғашқы түрін бастағанын, оның ішінде өзіміз де болғанымызды да білеміз. Алайда, бұдан толық нәтиже шықпайтын болғандықтан, оған қарсы екпе (вакцина) ойлап тауып, жұқпалы науқастан біржолата құтылуға барлық мемлекеттер кірісті.

Соның алғашқы нәтижесі биылғы жылдың басында пайда болғанынан хабарымыз бар. КОВИД-19-дан толық айығудың амалы тек екпе салдыру қажеттігін дүниежүзілік денсаулық ұйымы және медицина саласының ғалымдары айтты. Біздің қаламызда екпе салуға байланысты дайындық осы жылдың ақпан айынан жүргізіліп, екпе салатын мамандар арнайы курстан өтті. Сәуір айында Ресейден шығарылған «Спутник V» вакцинасын салу науқаны басталды. Оның қатарын бүгінгі таңда Қазақстанда өндірілген QazCovid-In вакцинасы толықтырды. Тұрғындар өз қалауы бойынша солардың бірін таңдай алады. Екпе адамның ағзасында науқасқы қарсы антитела мен имунитетті қалыптастырып, науқаспен күресу әрекетін нығайтады.

Екпенің жанама әсері бар ма, жоқ па:

... деген сауалға еліміздің білікті дәрігер ғалымдары былайша жауап береді: «Қарсы көрсеткіштерді анықтау үшін вакцинаның көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері, иммунизациядан кейінгі ықтимал көрінісі, вакцинаны енгізу, сақтау және тасымалдау шарттары туралы толық мәліметтері бар



вакцина нұсқаулығы талап етіледі. Сондықтан қарсы көрсеткіштерін қазір тізіп шығу мүмкін емес. Адамның ағзасы кез келген вакцинаны енгізуде имунитетті қалыптастырады, имундаудан кейін дене қызуы аздап көтеріледі, егілген жер қызарып ісінуі мүмкін. Вакцинаны салмас бұрын адамның аллергиясы бар-жоғы

анықталады. Егер ауыр аллергиялық сырқаты болса, вакцина салудан бас тартылады. Бұл ретте аллергиялық реакцияны болжау мүмкін емес, себебі әрбір адамның ағзасы әртүрлі. Дер кезінде мән беру үшін вакцинадан кейін 30 минут медициналық мекемеде дәрігердің бақылауында

бар жадынама беріледі.

Алайда, соңғы кезде вакцинацияға қатысты тұрғындар арасында пікір көп. Солардың елге ең көп тарап жатқаны – әлеуметтік желі арқылы екендігі жасырын емес. Ондай аудиожазба, бейнебаяндардың бәріне сене беруге болмайды. Ағзамызға енген әрбір науқасқа қарсы әрекет етуге ең әуелі адамын өзі мүдделі болуы тиіс емес пе? Қазақта «Алла сақтансаң сақтаймын деген», «Аурудың алдын ал!», - дейтін даналық сөздер бар. Бұл дегеніңіз өзіңнің денсаулығыңды қорғауға атсалыс, онымен күрес, дәрігердің нұсқаулығын, кеңесін тыңдаңдар, орындаңдар дегенді меңзейді. Сондықтан қала тұрғындары коронавируске қарсы көресіп, жаппай жұқтыруды болдырмау үшін екпе (вакцина) салдыруға ниетті болуы және салдырғаны дұрыс деп ойлаймын. Жеке өзім ешкімнің сөзіне құлақ аспай, екпенің екі кезеңін де салдырып, арнайы төлқұжатын алдым. Түгел отбасымызбен екпе алдық. Сонда да сақтық шараларын сақтап жүреміз.

Құрметті жерлестер!

Өзіміздің аман-саулығымызды сақтау, жұқпалы дерттің өрши түсуіне жол бермеу үшін ең алдымен ДДС ұйымының нұсқаулығына сәйкес сақтық шараларын сақтайық, той-жиынды тежеп, көп жиналған жерлерден аулактанайық, бет-перде тағып жүрейік, сонымен қатар екпе алуға барайық! Бұл шара халықтың денсаулығын қорғау үшін жасалып жатқан әрекет екенін ескерейік!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР ЖО мүшесі, ақын.
“Хабар-24” телеарнасының суреті

ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ 2021 ГОД



✓ **Период переписи населения: с 1 сентября по 30 октября 2021 года (онлайн перепись с 1 сентября по 15 октября т.г., обход интервьюерами с планшетами с 1 по 30 октября т.г.)**

✓ **На перепись привлекаются: 26 135 человек (3 267 чел. – инструктор-контролер, 22 868 чел. – интервьюеры)**

✓ **Требования к переписному персоналу:**
- граждане РК;
- старше 18 лет;
- инициативные, ответственные, коммуникабельные, без предъявления требований к стажу работы и к профессиональному образованию, имеющие навыки работы с ПК;
кандидаты должны быть вакцинированы

Работа инструктором - контролером и интервьюером:

Период работы:
- инструктор – контролером - 45 дней (с 24 сентября по 7 ноября т.г.)
- интервьюером – 30 дней (с 1 по 30 октября т.г.)

График работы свободный в рамках выполнения объема оказываемых услуг

Оплата труда:
- инструктор – контролеру – 125 000 тенге (при полном объеме оказанных услуг за 45 дней)
- интервьюеру – 104 000 тенге (при полном объеме оказанных услуг за 30 дней)

Заключение договоров о возмездном оказании услуг осуществляет территориальный департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК

	Инструктор-контролеры 2 этапа, з/плата 125 тыс тенге		Интервьюеры 2 этапа, плата 104 тыс тенге		з/плата
	Количество	Норма нагрузки (количество интервьюеров)	Количество рабочих дней	Количество респондентов	
Всего по Республике	3 267	7	22 868	833	30
Ақмолинская	126	7	45	882	30
Ақтөбінская	155	7	45	1 084	30
Алматынская	359	7	45	2 512	30
Атырауская	114	7	45	799	30
Западно-Казахстанская	114	7	45	798	30
Жамбылская	196	7	45	1 371	30
Қарағандынская	236	7	45	1 654	30
Қостанайская	148	7	45	1 037	30
Қызылордынская	141	7	45	985	30
Манғыстауская	126	7	45	882	30
Павлодарская	129	7	45	902	30
Северо-Казахстанская	93	7	45	649	30
Түркістанская	356	7	45	2 491	30
Восточно-Казахстанская	233	7	45	1 633	30
г. Нұр-Сұлтан	210	7	45	1 469	30
г. Алматы	345	7	45	2 416	30
г. Шымкент	186	7	45	1 304	30

ОЗиСПр г.Приозерск

ВНИМАНИЕ, АКЦИЯ!

СУПЕР АКЦИЯ!

Внимание, акция!
КГП «Центральная больница города Приозерск» объявляет акцию с 26 июля по 13 августа **ПОЛУЧИ ВАКЦИНУ, пройди медосмотр со скидкой в 50%**

С 26 июля по 13 августа

